

## **Элективті пәндер каталогы**

**6B01 - Педагогикалық ғылымдар**  
(Білім беру саласының жіктелуі және коды)

**6B017 - Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау**  
(Даярлау бағытының жіктелуі және коды)

**0114**

(Халықаралық стандарттық білім беру жіктеуішіндегі код)

**B016 - Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау**  
(Білім беру бағдарламасы тобының жіктелуі және коды)

**6B01701 - Қазақ тілі мен әдебиеті**  
(Білім беру бағдарламасының коды және атауы)

**бакалавр**  
(дайындық деңгейі)

**Оқуға түскен жылы 2023 жыл**

## **Әзірленді**

ПБ академиялық комитеті  
АК басшысы А.Қ.Қадыров  
ӨБ менеджері А.М.Жумагулова

## **ҚАРАСТЫРЫЛДЫ**

филология факультетінің сапасын қамтамасыз ету жөніндегі комиссия отырысында  
Университеттің Ғылыми кеңесінде бекітуге ұсынылды  
Хаттама № 4.1 "06 " сәуір 2023 ж.  
Комиссия Төрағасы Ш.С.Кенесбаева

## **БЕКІТІЛДІ**

университеттің академиялық кеңесінің отырысында  
Хаттама № 5 "21" сәуір 2023 ж.  
Академиялық кеңестің төрайымы Оралқанова И. А.

## Дипломалды практика

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	4
Академиялық кредит саны	15
Білімді бақылау нысаны	Практика бойынша қорытынды баға

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Дипломалды практика дипломдық жұмысты орындайтын білім алушылар үшін ұйымдастырылады. Дипломалды практиканың мақсаты дипломдық жұмысты жазудың аяқталуы болып табылады. Теориялық білімді терең түрде практикамен ұштастыру, ғылыми негізде зерттеулер жасау. Мамандық бойынша кәсіптік қызметінің түрлерін, олардың функциялары мен міндеттерін оқып зерттейді

### Пәнді оқыту мақсаты

Дипломдық жұмыс (жоба) тақырыбы бойынша іс-тәжірибелік материалдарды өңдеу және қорыту;

### Оқыту нәтижелері

ON10 Оқыту мен тәрбие үрдісінің негізгі идеяларын, заңдарын, заңдылықтарын, ұстанымдарын кәсіби қызметте қолдана алу.

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Білім алушы кәсіпорынның, мекеменің немесе ұйымның қызметін зерттеу негізінде теориялық білімдерін бекіту
2. Тәжірибе барысында қалыптастырған дағдыларын дипломдық жұмыста пайдалана бәлу
3. Барлық курс бойы алған білімдері мен біліктіліктері, жүргізген зерттеу деректері негізінде дипломдық жоба жұмысын аяқтау

### Пререквизиттер

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

### Постреквизиттер

Қорытынды аттестаттау

## Өндірістік (педагогикалық) практика

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	4
Академиялық кредит саны	15
Білімді бақылау нысаны	Практика бойынша қорытынды баға

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Өндірістік практиканың мақсаты студенттің кәсіби құзіретін бекіту, кәсіби қызметінің практикалық дағдылары мен тәжірибені игеру болып табылады. Мамандық бойынша кәсіптік қызметінің түрлерін, олардың функциялары мен міндеттерін оқып зерттейді. Мұғалім мен оқушы іс-тәжірибесін, арақатынас мағынасы мен логикасын ұғыну, оқу-тәрбие процесін бақылауға үйрену.

### Пәнді оқыту мақсаты

кәсіби құзыреттерді бекіту, кәсіби қызметтің іскерлік дағдылары мен тәжірибесін меңгеру болып табылады

### Оқыту нәтижелері

ON10 Оқыту мен тәрбие үрдісінің негізгі идеяларын, заңдарын, заңдылықтарын, ұстанымдарын кәсіби қызметте қолдана алу.

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

- тәжірибелік қызметте теориялық білімді пайдалану дағдыларын меңгеру;
- инновациялық технологияларды, еңбек пен өндірістің озық әдістерін меңгеру;
- өз қызметін өз бетінше жоспарлау, әріптестермен пайдалы байланыстар орнату, рөлдік кәсіби позицияны анықтау, жауапкершілік сезімін қалыптастыру дағдыларын меңгеру;
- заңнамалық, нормативтік-құқықтық және ғылыми-әдістемелік құжаттарды талдау және іс-тәжірибеде іске асыру;
- адекватты өзін-өзі бағалау және кәсіби рефлексия қалыптастыру және дамыту үшін жағдай жасау;
- бағыт бойынша табысты кәсіби қызметтің құндылықтық және мотивациялық бағыттарын қалыптастыру.

### Пререквизиттер

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

### Постреквизиттер

Қорытынды аттестаттау

## Лексикология мен фонетиканың бинарлық негіздері

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән білім алушыларға тілдік қатынастың қалыптасқан түрде болатынын айта отырып, сөйлеу және жазудың маңызы, арақатынасы, тілдегі орнын көрсетеді. Қарым-қатынасы барысында іске асатын тілдік амалдар, тілдегі сингормонизм заңдылығы, дыбыстардың өзгеруі мен үндесуі жағдайы айтылады. Фонетикадағы дыбыстың қызметі, қатынас құралы ретінде дыбыстық тілдің ролі, лексикологиядағы сөз қолданыстары мен сөздердің түрленіп қолданылуы мәселелері қамтылады.

### Пәнді оқыту мақсаты

тілдің қызметі және оның өмір сүру формалары; сөздің айтылуы мен жазылуы, дыбыстардың қолдану қабілеттілігі, күнделікті қарым-қатынастағы көрінісі, мәні мен сипаты, ерекшеліктері, фонема туралы түсінік қалыптастыру. Тілдік қатынастың ауызша және жазбаша түрде болатыны.

### Оқыту нәтижелері

ON 3 Тіл мен әдебиеттің құрылымдық қырларын жан-жақты меңгеру.

ON 5 Тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының теориялық негізін меңгерге отырып, оның маңыздылығы мен алатын орнын,

даму тарихы мен бүгінгі жағдайын салыстыра талдай алу.

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1)Тілдегі жеке сөздердің қолданысы мен өзгерісі туралы білім қорын жинақтау.
- 2) Дыбыстық заңдылықтарды меңгере отырып сауатты жазу мен дұрыс сөйлеуді үйрену.
- 3) Лексикалық, фонетикалық талдауларды жүргізу

### Пререквизиттер

Тіл біліміне кіріспе

### Постреквизиттер

Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы мен морфологиясы

## Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фонетикасы

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән білім алушыларға тіл білімінің лексикология саласы туралы, оның нысанындағы сөз бен ұғым, сөз бен сөйлем, сөздердің шығу тәркіні, сөздік құрамның толығу, даму жолдары, кірме, термин, кәсіби сөздердің алатын орны, сөз мағыналарының кеңеюі мен тарылуы жағдайын көрсетеді. Тіл білімінің үлкен бір саласы фонетика нысаны, зерттелуі, фонетикалық заңдылықтар туралы ақпараттар ұсынылады, фонетикалық талдауларды кәсіби іс-әрекетінде қолдана білу дағдыларын қалыптастырады.

### Пәнді оқыту мақсаты

Сөз және ұғым, мағына және оның түрлері, сөз мағынасының даму жолдары, сөздің мағыналық өзгерістерін, сөздердің шығу тәркінін, сөздік құрамның толығу, даму жолдарын, ондағы кірме сөздердің алатын орнын, сөздердің тілде қолданылу сипаты жөнінде жүйелі білім беру.

### Оқыту нәтижелері

ОН 3 Тіл мен әдебиеттің құрылымдық қырларын жан-жақты меңгеру.

ОН 5 Тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының теориялық негізін меңгерге отырып, оның маңыздылығы мен алатын орнын, даму тарихы мен бүгінгі жағдайын салыстыра талдай алу.

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1)Тілдегі жеке сөздердің қолданысы мен өзгерісі туралы білім қорын жинақтау.
- 2) Дыбыстық заңдылықтарды меңгере отырып сауатты жазу мен дұрыс сөйлеуді үйрену.
- 3) Лексикалық, фонетикалық талдауларды жүргізу

### Пререквизиттер

Тіл біліміне кіріспе

### Постреквизиттер

Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы мен морфологиясы

## Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән білім алушыларға қазіргі қазақ тіліндегі фонетика ғылымының қалыптасуы мен дамуы, дыбыстық заңдылықтарды түсіндіре отырып сауатты жазу мен дұрыс сөйлеудің қажеттілігін меңгертеді. Сауатты сөйлеудегі дыбыстау мүшелерінің қызметін көрсетеді. Тілдің дыбыстық жүйесінің қолданысы, дауысты, дауыссыз дыбыстар құрамы, үндестік заңы, ықпал мен буын түрлері, орфоэпия мен орфография заңдылықтары туралы теориялық тұрғыдан жүйелі білім береді.

### Пәнді оқыту мақсаты

Сауатты жазу мен дұрыс сөйлеу заңдылықтарының негізінде студенттерге тілдің дыбыстық жүйесінен, дауысты, дауыссыз дыбыстардан, қазақ тілінің дыбыстық құрамы мен ерекшеліктерінен, үндестік заңынан, орфоэпия мен орфографиядан, сонымен қатар қазақ тілінің фонетикалық даму заңдылықтары туралы теориялық тұрғыдан жүйелі білім беру.

### Оқыту нәтижелері

ОН 3 Тіл мен әдебиеттің құрылымдық қырларын жан-жақты меңгеру.

ОН 5 Тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының теориялық негізін меңгерге отырып, оның маңыздылығы мен алатын орнын, даму тарихы мен бүгінгі жағдайын салыстыра талдай алу.

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1)Тілдегі жеке сөздердің қолданысы мен өзгерісі туралы білім қорын жинақтау.
- 2) Дыбыстық заңдылықтарды меңгере отырып сауатты жазу мен дұрыс сөйлеуді үйрену.
- 3) Лексикалық, фонетикалық талдауларды жүргізу

### Пререквизиттер

Тіл біліміне кіріспе

### Постреквизиттер

Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы мен морфологиясы

## Ежелгі дәуір және орта ғасыр әдебиеті

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5

**Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Пән білім алушыларға ежелгі дәуірдегі қазақ әдебиеті мен орта ғасыр әдебиетінде қамтылатын шығармалар тізбесі мен елдегі қоғамдық-саяси жағдайды сипаттауын көрсетеді. Түркі тілді халықтарға ортақ әдебиет пен көне дәуірдегі әдебиет мұраларының көркем сөз өнері екендігін, көне әдеби-мәдени ескерткіштер мен ақын-жыраулар поэзиясын жан-жақты түсіндіреді. Сонымен қатар елдегі қоғамдық, әлеуметтік және рухани өмір, тұрмыс-тіршілік жағдайы сол кезеңдегі әдеби туындыларға арқау болғандығы турасында айтылады.

**Пәнді оқыту мақсаты**

Түркі тілді халықтарға ортақ әдебиеттің көп ғасырлық тарихын негізінен үш кезеңге бөліп қарастыру қажеттігі. Бірінші, YI-IX ғасырлардағы көне түркі әдебиетінің ескерткіштері «Күлтегін», «Білге қаған», «Тоныкөк» жырлары, «Қорқыт ата кітабы», «Оғыз-наме», Әбу Насыр әл-Фарабидың әдеби мұралары. Екінші, X-XII ғасырлардағы әдебиет Махмұд Қашғари «Диуани лұғат ат-түрк»; Жүсіп Баласағұн «Құдағу білік», Ахмед Иүгінеки «Ақиқат сыйы»; Ахмет Яссауи «Даналық кітабы»; Сүлеймен Бақырғани «Бақырғани кітабы». Үшінші, XIII-XY ғ.ғ., яғни Алтын Орда дәуіріндегі әдебиет. Рабғузи «Рабғузи қиссалары», «Кодекс Куманикус», Хорезми «Мухаббат-наме», Құтб «Хұсрау-Шырын», Сайя Сарай «Гүлстан», Дүрбек «Жүсіп-Зылиха», Әбілғазы «Шежіре-и түрк», Қадырғали Жалайыри «Жамиғ-ат тауарих», Хайдар Дулати «Тарих-и-Рашиди», Бабыр «Бабыр-наме». Қазақ хандығының құрылуы. Қазақтың төл әдебиетінің тууы, т.б. жөнінде кең көлемде мағлұмат беру.

**Оқыту нәтижелері**

ON 3 Тіл мен әдебиеттің құрылымдық қырларын жан-жақты меңгеру.

ON 5 Тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының теориялық негізін меңгерге отырып, оның маңыздылығы мен алатын орнын, даму тарихы мен бүгінгі жағдайын салыстыра талдай алу.

**Пән бойынша оқыту нәтижелері**

1) XV-XVIII ғғ. әдебиет өкілдерінің мұраларымен танысады.

2) Ежелгі және хандық дәуірдегі мұралардың идеялық-эстетикалық құндылықтары туралы өзіндік пікір қалыптастырады.

3) Белгілі бір кезеңді қамтитын әдеби шығармаларға ойқорытындылар жасай алады

**Пререквизиттер**

Әдебиеттануға кіріспе

**Постреквизиттер**

XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің тарихы

**Ежелгі және хандық дәуіріндегі қазақ әдебиеті**

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

**Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Пән білім алушыларды түркі тілді халықтарға ортақ әдебиет пен Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет мазмұнымен, осы кезең әдебиетін зерттеген ғалымдардың еңбектерімен таныстырады. Онда ежелгі дәуірдегі көне түркі әдебиетіне ортақ әдеби-мәдени ескерткіштер, XV-XVIII ғасырлардағы ақын-жыраулар поэзиясы, жауынгерлік тақырып, Қазақ хандығының құрылуы, қазақтың төл әдебиетінің тууы, т.б. мәселелер қарастырылады.

**Пәнді оқыту мақсаты**

Ежелгі және хандық дәуірдегі қазақ әдебиетінің тарихы, көрнекті өкілдері шығармашылығының мазмұны туралы толық теориялық білім беру, аталмыш дәуір әдебиетін зерттеген ғалымдар еңбектерімен таныстыру және студенттерді өзіндік ізденіске баулу.

**Оқыту нәтижелері**

ON 3 Тіл мен әдебиеттің құрылымдық қырларын жан-жақты меңгеру.

ON 6 Жалпы адамзаттық құндылықтарды айқындай отырып, әр түрлі дәуірлердің көркемдік құбылыстарын түсіндіріп және түрлі жанрлардағы көркем шығармалардың құрылымын талдай алу.

**Пән бойынша оқыту нәтижелері**

1) XV-XVIII ғғ. әдебиет өкілдерінің мұраларымен танысады.

2) Ежелгі және хандық дәуірдегі мұралардың идеялық-эстетикалық құндылықтары туралы өзіндік пікір қалыптастырады.

3) Белгілі бір кезеңді қамтитын әдеби шығармаларға ойқорытындылар жасай алады

**Пререквизиттер**

Әдебиеттануға кіріспе

**Постреквизиттер**

XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің тарихы

**Қазақ хандығына дейінгі әдебиет**

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

**Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Пән білім алушыларға хандық дәуіріне дейінгі әдебиет, нақтырақ айтқанда, түркі тілді халықтарға ортақ әдебиет, бертін келе қазақ халқының ұлттық құрамына енген тайпалардың көне дәуірдегі әдебиетінен мағлұмат береді. Бұл тұстағы елдегі ахуалды ескере отырып, осы кезеңдегі әдебиеттің ерекшелігін танытады. Байырғы түркі халықтарының ру, ұлыстармен бірге жасаған көркем сөз өнерін, мәдениетін игерту мәселелерін қозғайды.

**Пәнді оқыту мақсаты**

«Қазақ хандығына дейінгі әдебиет» пәні – ғылыми-теориялық білім беруді мақсат ете отырып, оның болашақта зерттелуге тиіс проблемаларына байланысты студенттерді өзіндік ізденіске баулуды нақты мақсаты деп санайды.

**Оқыту нәтижелері**

ОН 3 Тіл мен әдебиеттің құрылымдық қырларын жан-жақты меңгеру.

ОН 5 Тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының теориялық негізін меңгерге отырып, оның маңыздылығы мен алатын орнын, даму тарихы мен бүгінгі жағдайын салыстыра талдай алу.

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

1) XV-XVIII ғғ. әдебиет өкілдерінің мұраларымен танысады.

2) Ежелгі және хандық дәуірдегі мұралардың идеялық-эстетикалық құндылықтары туралы өзіндік пікір қалыптастырады.

3) Белгілі бір кезеңді қамтитын әдеби шығармаларға ойқорытындылар жасай алады

### Пререквизиттер

Әдебиеттануға кіріспе

### Постреквизиттер

XIX ғасыр мен XXғасыр басындағы қазақ әдебиетінің тарихы

## Қазақ халық ауыз әдебиеті

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән бойынша білім алушыларға бүгінгі ұрпаққа жеткен халық ауыз әдебиетінің бай тарихи мұралары, қазақ фольклоры, фольклористика ғылымының дамуы туралы түсінік беріледі. Қазақ халық ауыз әдебиеті мұралары толық ұсынылып, жанрлық тұрғыдан талданып, көрсетіледі. Атап айтқанда, ертегі, лиро- эпостық жырлар, тарихи жырлар, айтыс өнерінің қолданысы мен қазіргі заман халық поэзиясын меңгерту мәселелері қамтылады.

### Пәнді оқыту мақсаты

Пән мақсаты: ауыз әдебиеті мұраларының көп қырлы табиғаты мен туу, таралу, сақталу ерекшеліктері, жанрлардың классификациясы, жанрлық түрлердің бөліну жолдары жайлы ұғым қалыптастыру.

Қарастырылатын мәселелер: ауыз әдебиетінің әлеуметтік маңызы, фольклорлық ерекшеліктері, фольклор және жазба әдебиеті.

### Оқыту нәтижелері

ОН 3 Тіл мен әдебиеттің құрылымдық қырларын жан-жақты меңгеру.

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

1)Қазақ халық ауыз әдебиеті мұраларына жанрлық жағынан талдаулар жасау.

2)Фольклорлық мұралардың көркемдік ерекшелігі және жазба әдебиеттің қалыптасуына ықпалын бағамдау

3) Қазақтың тұрмыс- салт өлеңдерінің типологиясының комплексті жүйесін игеру

### Пререквизиттер

Әдебиеттануға кіріспе

### Постреквизиттер

XIX ғасыр мен XXғасыр басындағы қазақ әдебиетінің тарихы

## Қазақ фольклорының типологиясы

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән білім алушыларға фольклорлық мұралардың танымдық әрі тәлім- тәрбиелік тағылымын меңгертеді. Түркі- моңғол халықтары эпосындағы кейбір ортақ желілерін салыстыра зерттеу мәселелерін қарастырады. Қазақтың тұрмыс- салт өлеңдерінің типологиясы, тарихи аңыз- әңгімелер топтастырылуы, типологияның комплексті жүйесін игертеді. Фольклорлық жанрлардың ұлттық сипатын, ертегі мен эпостардың сюжеттік типологиясын, қазақ-оғыз эпостарындағы тегі бір желілер, олардың өзгеруін қарастырады.

### Пәнді оқыту мақсаты

Қазақ фольклоры түркі халықтарының ауыз әдебиеті құрамында болатындығы туралы зерттеу

Тарихи – типологиялық зерттеу әдісі арқылы түркі халықтарының фольклорында ұқсастықтарының болу себептерін айқындау.

Ұқсастықтардың ауыз әдебиетінің даму ерекшеліктерінде, сюжетінде, жанрында, қаһармандар жүйесінде, поэтикасында кездесуін дәлелдеу

### Оқыту нәтижелері

ОН 3 Тіл мен әдебиеттің құрылымдық қырларын жан-жақты меңгеру.

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

1)Қазақ халық ауыз әдебиеті мұраларына жанрлық жағынан талдаулар жасау.

2)Фольклорлық мұралардың көркемдік ерекшелігі және жазба әдебиеттің қалыптасуына ықпалын бағамдау

3) Қазақтың тұрмыс- салт өлеңдерінің типологиясының комплексті жүйесін игеру

### Пререквизиттер

Әдебиеттануға кіріспе

### Постреквизиттер

XIX ғасыр мен XXғасыр басындағы қазақ әдебиетінің тарихы

## Фольклор және әдебиет

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5

**Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Фольклордың әлеуметтік маңызы, ерекшеліктері, фольклор және жазба әдебиеті арасындағы өзара сабақтастық мәселелері, халық әдебиетінің түрлері қарастырылады. Білім алушы қазақ фольклорының тарихы және фольклористика ғылымы туралы, оның зерттелуі, дәстүрлі фольклор поэтикасы, фольклорлық мұраның идеялық-эстетикалық құндылықтары, фольклорлық мұралардың бүгінгі көрінісі мен қолданысы туралы теориялық білім қалыптастырылып, оны іс-тәжірибеде қолдана алу дағдысын жетілдіреді.

**Пәнді оқыту мақсаты**

уыз әдебиетінің көп қырлы мұрасы және жасалу, таралу, сақтау, жанрлық классификация, бөлу әдістерінің ерекшеліктері туралы түсінік қалыптастыру.

**Оқыту нәтижелері**

ОН 3 Тіл мен әдебиеттің құрылымдық қырларын жан-жақты меңгеру.

**Пән бойынша оқыту нәтижелері**

- 1) Қазақ халық ауыз әдебиеті мұраларына жанрлық жағынан талдаулар жасау.
- 2) Фольклорлық мұралардың көркемдік ерекшелігі және жазба әдебиеттің қалыптасуына ықпалын бағамдау
- 3) Қазақтың тұрмыс-салт өлеңдерінің типологиясының комплексті жүйесін игеру

**Пререквизиттер**

Әдебиеттануға кіріспе

**Постреквизиттер**

XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің тарихы

**XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің тарихы**

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

**Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы тарихи-әлеуметтік жағдайға сипаттама жасай отырып, осы кезеңдегі әдебиеттің даму кезеңдері мен көрнекті қаламгерлерінің өмірбаяны, шығармашылық ізденістері жайлы материалдар ұсынылады. Аталған уақыттағы әдебиеттің қалыптасуы мен дамуына байланысты жазылған іргелі зерттеу еңбектер туралы мағлұмат бере отырып, өзіндік пайымдаулар жасалады. Ағарту кезеңі мен зар заман ақындарының шығармалары толық талдап таныстырылады

**Пәнді оқыту мақсаты**

Жоғары оқу орындарында «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығын игеретін студент жастар үшін (XIX ғасыр мен XX басындағы қазақ әдебиеті) пәні негізгі пәндердің бірі болып саналады. Пәннің негізгі мақсаты қазақ тілі мен әдебиеті мұғаліміне маманданушыларға осы күрделі кезең әдебиетін жаңаша көзқараста, мүмкіндігінше жаңа материалдарды, фактілерді қамтып, сол кездегі саяси тарихи, қоғамдық жағдай тудырған жайттарды ескере отырып, қаламгерлер шығармалары арқылы талдап көрсетіп әдеби дамудың қыр-сырларына жете үңілу тұрғысынан түбегейлі білім беруді көздейді.

**Оқыту нәтижелері**

ОН 6 Жалпы адамзаттық құндылықтарды айқындай отырып, әр түрлі дәуірлердің көркемдік құбылыстарын түсіндіріп және түрлі жанрлардағы көркем шығармалардың құрылымын талдай алу.

ОН 7 Қазіргі қазақ тілі мен қазақ әдебиетінің тарихы бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізе алу.

ОН 8 Әдебиеттану ғылымы мен лингвистиканың негізгі теориялық тұжырымдамаларын анықтап, өз бетімен танымдық бағытта ойлау мен талдау қабілетіне ие болу. Тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелерін зерттеуді түсіндіре алу. Зерттеудегі жаңа әдістер мен тәсілдер аясында алған білімін тәжірибе жүзінде қолдану.

**Пән бойынша оқыту нәтижелері**

1. Қазақ әдебиеті тарихының даму және қалыптасу сатылары, бағыттары және концепция мәселелерін түсініп, өзіндік пікір айту
2. Әдебиеттің кезеңдік бөлінуіне орай өзіндік пайымдаулар жасау
3. Әдеби жанрлар, тарихи проза, поэма, т.б. түрлерінің көркемдік өсу жолын меңгеруі

**Пререквизиттер**

Әдебиеттануға кіріспе

**Постреквизиттер**

Тәуелсіздік жылдардағы қазақ әдебиеті

**Отарлық дәуір мен ояну дәуіріндегі әдебиет**

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

**Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Пән білім алушыларға белгілі бір кезеңдегі отарлау процесіне қарсы тұрған, азаттық танымды бейнелейтін шығармалармен, ояну дәуірі әдебиетінің мұраларымен таныстырады. Осындай әдеби мұралар арқылы сөз өнерін ағартушылық бағытта өрістеткен қаламгерлердің әдеби мұраларымен жан-жақты танысатын болады. Отарлық дәуір мен ояну дәуіріндегі әдебиеттің мәні мен мазмұнын, өзара бірлігі мен қолданысын, өзіндік ерекшеліктерін көрсетеді.

**Пәнді оқыту мақсаты**

Пәннің негізгі мақсаты қазақ тілі мен әдебиеті мұғаліміне маманданушыларға осы күрделі кезең әдебиетін жаңаша көзқараста, мүмкіндігінше жаңа материалдарды, фактілерді қамтып, сол кездегі саяси тарихи, қоғамдық жағдай тудырған жайттарды ескере отырып, қаламгерлер шығармалары арқылы талдап көрсетіп әдеби дамудың қыр-сырларына жете үңілу тұрғысынан түбегейлі білім беруді көздейді.

**Оқыту нәтижелері**

ОН 6 Жалпы адамзаттық құндылықтарды айқындай отырып, әр түрлі дәуірлердің көркемдік құбылыстарын түсіндіріп және

түрлі жанрлардағы көркем шығармалардың құрылымын талдай алу.

ОН 8 Әдебиеттану ғылымы мен лингвистиканың негізгі теориялық тұжырымдамаларын анықтап, өз бетімен танымдық бағытта ойлау мен талдау қабілетіне ие болу. Тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелерін зерттеуді түсіндіре алу. Зерттеудегі жаңа әдістер мен тәсілдер аясында алған білімін тәжірибе жүзінде қолдану.

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Қазақ әдебиеті тарихының даму және қалыптасу сатылары, бағыттары және концепция мәселелерін түсініп, өзіндік пікір айту
2. Әдебиеттің кезеңдік бөлінуіне орай өзіндік пайымдаулар жасау
3. Әдеби жанрлар, тарихи проза, поэма, т.б. түрлерінің көркемдік өсу жолын меңгеруі

### Пререквизиттер

Әдебиеттануға кіріспе

### Постреквизиттер

Тәуелсіздік жылдардағы қазақ әдебиеті

## Зар заман ақындары мен ХХ ғасыр басындағы әдебиет

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән білім алушыларға зар заман кезеңінің ерекшелігі мен сол кезең өкілдерінің шығармашылығымен таныстырады. Зар заман кезеңінде өмір сүріп, отарлық езгідегі халықтың тағдырын жырлаған ақындар шығармаларының өзіндік ой өрнектері мен ХХ ғасыр басындағы жазылып жарық көрген әдебиеттің тарихында айрықша орны бар қаламгерлердің әдеби мұраларымен жан-жақты таныстырады, аталған кезеңдердегі әдебиеттің көрінісін ашып көрсетеді.

### Пәнді оқыту мақсаты

ХІХ-ХХ ғасырдағы тарихи-әлеуметтік жағдайларға тоқталып, сол кезеңдегі ағымдар мен бағыттардың маңызын таныту. Ақын-жазушылардың шығармашылығының тақырыптық негізін, замана сабақтастығын, дәстүр жалғастығын айқындау. Әдеби жанрлардың, аударма, әдебиет сыны, көсемсөздің дамуын меңгерту.

### Оқыту нәтижелері

ОН 6 Жалпы адамзаттық құндылықтарды айқындай отырып, әр түрлі дәуірлердің көркемдік құбылыстарын түсіндіріп және түрлі жанрлардағы көркем шығармалардың құрылымын талдай алу.

ОН 8 Әдебиеттану ғылымы мен лингвистиканың негізгі теориялық тұжырымдамаларын анықтап, өз бетімен танымдық бағытта ойлау мен талдау қабілетіне ие болу. Тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелерін зерттеуді түсіндіре алу. Зерттеудегі жаңа әдістер мен тәсілдер аясында алған білімін тәжірибе жүзінде қолдану.

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Қазақ әдебиеті тарихының даму және қалыптасу сатылары, бағыттары және концепция мәселелерін түсініп, өзіндік пікір айту
2. Әдебиеттің кезеңдік бөлінуіне орай өзіндік пайымдаулар жасау
3. Әдеби жанрлар, тарихи проза, поэма, т.б. түрлерінің көркемдік өсу жолын меңгеруі

### Пререквизиттер

Әдебиеттануға кіріспе

### Постреквизиттер

Тәуелсіздік жылдардағы қазақ әдебиеті

## Қазақ тіліндегі морфемалар жүйесі

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән бойынша білім алушылар қазақ тіліндегі күрделі ұғым морфемалар туралы теориялық негіздермен, ғылыми тұжырымдар, пікірлермен таныс болады. Тілдегі морфология, оның ішінде морфтар жүйесі туралы ақпараттар ала отырып, қазақ тілінің сөзжасамы, лексика-грамматикалық сипаты, ерекшеліктері мен қызметі, грамматикалық, нөлдік форма т.б. ғылыми терминдермен таныс болады. Теориялық білімдерін игере отырып, морфологиялық талдаулар жасай алуға дағдыланады.

### Пәнді оқыту мақсаты

Мақсат – студенттерге тілдік бірлік ретіндегі морфеманың ерекшелігін, тілдік жүйедегі маңызын түсіндіру, морфемалардың басқа тілдік бірліктерден айырмашылығын таныту. Сөзформаның ең кіші бірлігі – морфтар жөнінде түсінік беру.

### Оқыту нәтижелері

ОН 5 Тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының теориялық негізін меңгерге отырып, оның маңыздылығы мен алатын орнын, даму тарихы мен бүгінгі жағдайын салыстыра талдай алу.

ОН 7 Қазіргі қазақ тілі мен қазақ әдебиетінің тарихы бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізе алу.

ОН 8 Әдебиеттану ғылымы мен лингвистиканың негізгі теориялық тұжырымдамаларын анықтап, өз бетімен танымдық бағытта ойлау мен талдау қабілетіне ие болу. Тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелерін зерттеуді түсіндіре алу. Зерттеудегі жаңа әдістер мен тәсілдер аясында алған білімін тәжірибе жүзінде қолдану.

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Қазақ тілінің сөзжасамы мен морфологиясына қатысты өзекті мәселелер бойынша теориялық еңбектер негізінде қорытынды жасаңыз.
2. Сөз таптарының лексикалық және грамматикалық ерекшеліктерін жүйелі білу.
3. Сөзжасам, морфологиялық талдау жасай білуге үйрету.

### Пререквизиттер

Тіл біліміне кіріспе

### Постреквизиттер



## Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы мен морфологиясы

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Қазақ тілінің сөзжасамы мен морфологиялық құрылысының мәселелері, зерттелуі, тарихи және теориялық негіздері, сөздердің морфологиялық құрылымы, негізгі грамматикалық ұғымдар, тілдің сөзжасам жүйесі, сөздердің сөзжасамдық қабілеті, сөз таптарының лексикалық және грамматикалық сипаты мен зерттелуі қарастырылады. Пән мазмұны бойынша білім алушы тілдік тұлғаларға сөзжасамдық, морфологиялық талдау жасауды меңгеріп, оны іс-тәжірибеде қолдана алу дағдысын қалыптастырады

### Пәнді оқыту мақсаты

Пәнді оқытудың мақсаты - қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы мен морфологиясының негізгі тұжырымдарымен, даму тарихымен, грамматикалық мағыналар мен олардың берілу жолдарымен, амал-тәсілдермен және грамматикалық категориялармен таныстыру.

### Оқыту нәтижелері

ОН 5 Тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының теориялық негізін меңгерге отырып, оның маңыздылығы мен алатын орнын, даму тарихы мен бүгінгі жағдайын салыстыра талдай алу.

ОН 7 Қазіргі қазақ тілі мен қазақ әдебиетінің тарихы бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізе алу.

ОН 8 Әдебиеттану ғылымы мен лингвистиканың негізгі теориялық тұжырымдамаларын анықтап, өз бетімен танымдық бағытта ойлау мен талдау қабілетіне ие болу. Тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелерін зерттеуді түсіндіре алу. Зерттеудегі жаңа әдістер мен тәсілдер аясында алған білімін тәжірибе жүзінде қолдану.

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Қазақ тілінің сөзжасамы мен морфологиясына қатысты өзекті мәселелер төңірегінде теориялық еңбектерге сүйене отырып, тұжырым жасау

2. Сөз таптарының лексика-грамматикалық ерекшеліктері туралы жүйелі білім жинақтау

3. Сөзжасамдық, морфологиялық талдаулар жасауды үйрену.

### Пререквизиттер

Тіл біліміне кіріспе

### Постреквизиттер

Қазіргі қазақ тілінің синтаксисі

## Қазақ тілінің сөзжасамы

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән бойынша білім алушылар қазақ тіл білімінде қалыптасқан сөзжасам жүйесінің негізгі заңдылықтары мен тәсілдері, сөзжасамның негізгі ұғымдары сөзжасамдық мағына, сөзжасамдық тип, сөзжасамдық тізбек, сөзжасамдық ұя сынды ұғымдар қолданысы мен өзіне тән ерекшеліктері, сөз таптарының сөзжасамдық жүйесімен таныс болады. Қазіргі қазақ тіліндегі сөзжасам жүйесінің морфологиямен байланысын қарастырады. Қазақ тілі сөзжасамының тұжырымдамалық негіздеріне орай сөзжасамдық талдаулар жасауға дағдыланады

### Пәнді оқыту мақсаты

«Қазіргі қазақ тілі сөзжасамы» пәнінің мақсаты - тілдің сөзжасам жүйесін, сөзжасамдық бірліктерді, сөзжасамдық заңдылықтарды, сөзжасамның амал-тәсілдерін, туынды сөздердің түрлерін, сөзжасамдық мағына, әр сөз табының сөзжасамын т.б. сөзжасамға қатысты мәселелерді меңгерту.

### Оқыту нәтижелері

ОН 5 Тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының теориялық негізін меңгерге отырып, оның маңыздылығы мен алатын орнын, даму тарихы мен бүгінгі жағдайын салыстыра талдай алу.

ОН 6 Жалпы адамзаттық құндылықтарды айқындай отырып, әр түрлі дәуірлердің көркемдік құбылыстарын түсіндіріп және түрлі жанрлардағы көркем шығармалардың құрылымын талдай алу.

ОН 8 Әдебиеттану ғылымы мен лингвистиканың негізгі теориялық тұжырымдамаларын анықтап, өз бетімен танымдық бағытта ойлау мен талдау қабілетіне ие болу. Тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелерін зерттеуді түсіндіре алу. Зерттеудегі жаңа әдістер мен тәсілдер аясында алған білімін тәжірибе жүзінде қолдану.

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Қазақ тілінің сөзжасамы мен морфологиясына қатысты өзекті мәселелер төңірегінде теориялық еңбектерге сүйене отырып, тұжырым жасау

2. Сөз таптарының лексика-грамматикалық ерекшеліктері туралы жүйелі білу

3. Сөзжасамдық, морфологиялық талдаулар жасауды үйрену.

### Пререквизиттер

Тіл біліміне кіріспе

### Постреквизиттер

Қазіргі қазақ тілінің синтаксисі

## Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың өзекті мәселелері

Пән циклі	Базалық пәндер
-----------	----------------

Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Орыс сыныптарында қазақ тілі мен әдебиетін оқыту мәселелеріне, қағидалары мен ұстанымдарына тоқталу. Оқытудың негізгі белгілері, құрылымы мен түрлері, қолданылу ерекшелігі жайлы мәлімет беру. Оқыту туралы жаңа тұжырымдар мен идеяларды, ғылыми көзқарастарды меңгерту. Жалпы білім беретін орта оқу орындарындағы қазақ тілі мен әдебиетті оқыту әдістемесі жөніндегі мәселелерге тоқталу. Саралап, деңгейлеп, сын тұрғысынан ойлау, топқа бөліп оқыту түрлерін тиімді пайдалануға баулу.

### **Пәнді оқыту мақсаты**

Қазақ тіл білімінің негізгі көкейкесті мәселелері, оның зерттелуін оқыту, негізгі белгілері, құрылымы, түрлері, қолданылу ерекшелігі жайлы толық оқыту. Тілді жоғары мектепте оқыту жолдарын, қағидаларын түсіндіру.

Кәсіби білікті маман, шығармашыл тұлға дайындау, қажетті кәсіптік теориялық білім мен тиісті практикалық машық-дағдыларды қалыптастыру. Кәсіби деңгейі жоғары, жан-жақты дамыған, білім нәрімен сусындаған, теориялық білімі терең, практикалық дағдысы қалыптасқан маман даярлау.

### **Оқыту нәтижелері**

ОН 4 Білім беру және кәсіби қызметтегі педагогикалық-психологиялық мәселелерді шеше алу.

ОН9 Кәсіптік мақсат үшін оқыту ортасында пайдаланатын әдіс пен тәсілдемені, әдістеменің зерттеу бағыттары мен зерттеу әдістерін саралап, оқыту технологиясын бірізді және орынды қолдану, ғылыми тұрғыдан сараптамалық талдау жасау.

ОН10 Оқыту мен тәрбие үрдісінің негізгі идеяларын, заңдарын, заңдылықтарын, ұстанымдарын кәсіби қызметте қолдана алу.

### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

- мектепте білім берудің әр кезеңінде тілді оқытудың мақсат-міндеттерін анықтай алу іскерлігі ;

- әрбір қазақ тілі сабағының білімдік, тәрбиелік, дамытушылық потенциалын мүмкіндігінше жүзеге асыру жолдарын тану іскерлігі;

- қазақ тілінің жалпы тілдер жүйесіндегі, түркі тілдер жүйесіндегі өзіндік орны мен ерекшелітерін байланыстыра оқыту іскерлігі ;

- қазақ тілінен берілетін ғылыми материалдың эмпириалдық деңгейде қалып қоймай, оның теориялық деңгейге қарай ұласу жолдарын тану мен ұйымдастыра алу іскерлігі;

- оқыту технологиясын бірізді және орынды қолдана білу, әр сабақты ғылыми тұрғыдан талдап сараптай білут.б. іскерлік дағдыларды меңгерулері тиіс.

### **Пререквизиттер**

Педагогика Мамандыққа кіріспе

### **Постреквизиттер**

Қорытынды аттестаттау Өндірістік (педагогикалық) практика

## **Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесінің тарихы**

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесінің тарихына тоқталу, орыс және қазақ ғалымдарының ғылыми еңбектеріне шолу жасау. Қазақ тілін оқыту методикасының жеке ғылым ретінде қалыптасу мәселелеріне баса назар аудару. Тіл білімі саласындағы заңдылықтарды меңгере отыр, оқыту методикасына баса назар аудару. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру мақсатында әдіс-тәсілдерді, дидактиканы жете меңгерту.

### **Пәнді оқыту мақсаты**

Кәсіби білікті маман, шығармашыл тұлға дайындау, қажетті кәсіптік теориялық білім мен тиісті практикалық машық-дағдыларды қалыптастыру. Студенттерге қазақ тілін оқыту процесінің ерекшеліктерін теориялық және практикалық тұрғыдан меңгерту. Кәсіби деңгейі жоғары, жан-жақты дамыған, білім нәрімен сусындаған, теориялық білімі терең, практикалық дағдысы қалыптасқан маман даярлау.

### **Оқыту нәтижелері**

ОН 4 Білім беру және кәсіби қызметтегі педагогикалық-психологиялық мәселелерді шеше алу.

ОН9 Кәсіптік мақсат үшін оқыту ортасында пайдаланатын әдіс пен тәсілдемені, әдістеменің зерттеу бағыттары мен зерттеу әдістерін саралап, оқыту технологиясын бірізді және орынды қолдану, ғылыми тұрғыдан сараптамалық талдау жасау.

ОН10 Оқыту мен тәрбие үрдісінің негізгі идеяларын, заңдарын, заңдылықтарын, ұстанымдарын кәсіби қызметте қолдана алу.

### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

1. Қазақ тілін оқыту мәселелеріне тоқталу

2. Тілді мектепте оқытудың негізгі идеяларын, заңдарын, заңдылықтарын білу

3. Тілді кәсіби қызметте қолдана алу дағдыларын игеру

### **Пререквизиттер**

Педагогика Мамандыққа кіріспе

### **Постреквизиттер**

Қорытынды аттестаттау Өндірістік (педагогикалық) практика

## **Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі**

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5

**Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Орыс сыныптарында қазақ тілі мен әдебиетін оқыту үрдісінің педагогикалық-психологиялық, теориялық-практикалық ерекшеліктеріне тоқталу. Орыс сыныптарында қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін тиімді қолдануды меңгерту. Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесінің қалыптасу, даму жолдары, оқыту ерекшеліктеріне баса назар аудару. Жаңартылған білім бойынша қазақ тілі мен әдебиеті пәнін меңгерту. Дидактикалық, аудио, видео материалдарды тиімді қолдануға дағдыландыру.

**Пәнді оқыту мақсаты**

Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиетін оқыту процесінің ерекшеліктерін теориялық және практикалық тұрғыда меңгеру. Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың заманауи әдістерін, методологиясын оқыту.

**Оқыту нәтижелері**

ОН 4 Білім беру және кәсіби қызметтегі педагогикалық-психологиялық мәселелерді шеше алу.

ОН9 Кәсіптік мақсат үшін оқыту ортасында пайдаланатын әдіс пен тәсілдемені, әдістеменің зерттеу бағыттары мен зерттеу әдістерін саралап, оқыту технологиясын бірізді және орынды қолдану, ғылыми тұрғыдан сараптамалық талдау жасау.

ОН10 Оқыту мен тәрбие үрдісінің негізгі идеяларын, заңдарын, заңдылықтарын, ұстанымдарын кәсіби қызметте қолдана алу.

**Пән бойынша оқыту нәтижелері**

1. Қолданбалы пәндер бойынша алған білімдері мен дағдыларын, әдістемесі мен тәжірибесін қазақ тілінде сөйлемейтін ортада қолдану мүмкіндігіне ие болады.

2. Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың педагогикалық-психологиялық ерекшеліктерін тану

3. Қазақ тілін оқытуда дидактикалық материалдарды меңгерту

**Пререквизиттер**

Педагогика Мамандыққа кіріспе

**Постреквизиттер**

Қорытынды аттестаттау Өндірістік (педагогикалық) практика

**Тілді мектепте оқыту әдістемесінің тарихы**

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

**Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Курста қазақ тілін оқытудың алғашқы қалыптасу кезеңдері мен даму жолдарының тарихынан жан-жақты мол мағлұматтар беріле отырып игеріледі. Қазақ тілін оқыту әдістемесі тарихындағы іргелі ғылыми еңбектер мен заманауи жаңашыл зерттеулермен таныстырылады. Қазақ тілін оқытуда ғалымдардың әдістеме саласындағы бұрынғы зерттеулерімен қазіргі қазақ тілін оқытудағы жаңашыл ізденістер салыстырыла отырып, талданып зерделенеді. Қазақ тілін оқыту оқытудың түрлері мен әдістеріне қатысты ғалымдар мақалаларына талдаулар жасалынады.

**Пәнді оқыту мақсаты**

Қазақ тілін оқыту әдістемесінің қалыптасу және даму жолдарын меңгерту, қазақ тілін оқыту әдістемесінің даму тарихына қатысты іліммен қаруландыру.

**Оқыту нәтижелері**

ОН 4 Білім беру және кәсіби қызметтегі педагогикалық-психологиялық мәселелерді шеше алу.

ОН9 Кәсіптік мақсат үшін оқыту ортасында пайдаланатын әдіс пен тәсілдемені, әдістеменің зерттеу бағыттары мен зерттеу әдістерін саралап, оқыту технологиясын бірізді және орынды қолдану, ғылыми тұрғыдан сараптамалық талдау жасау.

ОН10 Оқыту мен тәрбие үрдісінің негізгі идеяларын, заңдарын, заңдылықтарын, ұстанымдарын кәсіби қызметте қолдана алу.

**Пән бойынша оқыту нәтижелері**

1. Тілді мектепте оқыту әдістемесінің тарихын меңгерту

2. Тілді оқыту әдістемесінің тарихы туралы жазылған ғылыми еңбектерді игеру

3. Әдістеме тарихын, даму кезеңдерін игеріп шығу

**Пререквизиттер**

Педагогика

**Постреквизиттер**

Қорытынды аттестаттау Өндірістік (педагогикалық) практика

**Қазақ тілін оқыту әдістемесі**

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

**Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Бұл пәнді оқыту кезеңінде қазақ тілін оқыту үрдісін теориялық және тәжірибелік бағытта игертеді. Қазақ тілін оқытуда жаңартылған білім беру мазмұны бойынша меңгерту жолында қазақ тілі сабақтарын ұйымдастыру, беру жолдарын және осы негізде жаңа әдіс - тәсілдерді қолдануды үйретеді. Пәнді оқу кезеңінде игерген теориялық білімдерін практика барысында пайдалану дағдысын қалыптастырады. Қазақтың халықтық педагогикасын қазіргі әдістеменің іргелі зерттеулерімен ұштастырып, жетістіктеріне шолу жасалады. Пәнде білім алушыларды тілдік категорияларды сабақта меңгерту жолдарының ең тиімді және жаңашыл бағыттарын меңгертеді.

**Пәнді оқыту мақсаты**

«Қазақ тілін оқыту әдістемесі» курсының негізгі мақсаты – кәсіби білікті маман, шығармашыл тұлға дайындау, қажетті кәсіптік теориялық білім мен тиісті практикалық машық-дағдыларды қалыптастыру. Студенттерге қазақ тілін оқыту процесінің ерекшеліктерін теориялық және практикалық тұрғыдан меңгерту. Кәсіби деңгейі жоғары, жан-жақты дамыған, білім нәрімен

сусындаған, теориялық білімі терең, практикалық дағдысы қалыптасқан маман даярлау.

### **Оқыту нәтижелері**

ON 4 Білім беру және кәсіби қызметтегі педагогикалық-психологиялық мәселелерді шеше алу.

ON9 Кәсіптік мақсат үшін оқыту ортасында пайдаланатын әдіс пен тәсілдемені, әдістеменің зерттеу бағыттары мен зерттеу әдістерін саралап, оқыту технологиясын бірізді және орынды қолдану, ғылыми тұрғыдан сараптамалық талдау жасау.

ON10 Оқыту мен тәрбие үрдісінің негізгі идеяларын, заңдарын, заңдылықтарын, ұстанымдарын кәсіби қызметте қолдана алу.

### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

1. Қазақ тілінің оқытудың әдіс-тәсілдерімен танысу

2. Қазақ тілін оқытудың педагогика-психологиялық ерекшеліктерін игеру

3. Қазақ тілін оқытуда дидактикалық материалдарды игеру

### **Пререквизиттер**

Педагогика

### **Постреквизиттер**

Қорытынды аттестаттау Өндірістік (педагогикалық) практика

## **Тілді мектепте оқыту мәселелері**

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Курста жалпы білім беретін мектептер мен гимназияларда және мектеп-лицейлерде қазақ тіліне қатысты тақырыптарды оқыту мәселелері қарастырылады. Қазақ тілін мектептерде оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерімен, оларды қазіргі жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқытуда пайдалану жолдарын меңгертеді. Сонымен қатар қазақ тілінің фонетикалық, лексикалық және грамматикалық жүйесін талдап жалпы білім беретін мектептерде сараптау арқылы меңгерту пәннің мазмұнын құрайды.

### **Пәнді оқыту мақсаты**

Кәсіби деңгейі жоғары, жан-жақты дамыған, білім нәрімен сусындаған, теориялық білімі терең, практикалық дағдысы қалыптасқан маман даярлау.

### **Оқыту нәтижелері**

ON 4 Білім беру және кәсіби қызметтегі педагогикалық-психологиялық мәселелерді шеше алу.

ON9 Кәсіптік мақсат үшін оқыту ортасында пайдаланатын әдіс пен тәсілдемені, әдістеменің зерттеу бағыттары мен зерттеу әдістерін саралап, оқыту технологиясын бірізді және орынды қолдану, ғылыми тұрғыдан сараптамалық талдау жасау.

ON10 Оқыту мен тәрбие үрдісінің негізгі идеяларын, заңдарын, заңдылықтарын, ұстанымдарын кәсіби қызметте қолдана алу.

### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

1. Қазақ тілін оқыту мәселелеріне тоқталу

2. Тілді мектепте оқытудың негізгі идеяларын, заңдарын, заңдылықтарын игеріп шығу

3. Тілді кәсіби қызметте қолдана алу дағдыларын игеру

### **Пререквизиттер**

Педагогика

### **Постреквизиттер**

Қорытынды аттестаттау Өндірістік (педагогикалық) практика

## **Қазақ тіліндегі күрделенген сөйлемдер синтаксисі**

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Бұл курста қазіргі қазақ тіліндегі күрделенген сөйлемнің өзіндік ерекшеліктерін анықтап, оның құрылымдық белгілерін оқып игереді. Күрделенген сөйлемге қатысты қазіргі тіл біліміндегі зерттеу еңбектерімен танысып, даулы мәселелерге қатысты өзіндік пікір білдіруге дағдыланады. Құрмалас сөйлем жүйесі мен жай сөйлем жүйесінің құрылымдық, функционалдық қарым-қатынасы, жай және күрделенген сөйлемдердің грамматикалық сипатын жан-жақты игереді. Күрделенген сөйлем мен құрмалас сөйлемнің ерекшелігін айқындап, өзіндік ғылыми болжам жасауға дағдыланады.

### **Пәнді оқыту мақсаты**

Қазақ тіліндегі күрделенген сөйлемдердің жалпы мәселелерімен, күрделенген сөйлемдердің синтаксистік оралымдарымен, күрделенген сөйлемдердің оңашаланған айқындауышты қосалқы сөйлемдерімен таныстыру.

### **Оқыту нәтижелері**

ON 7 Қазіргі қазақ тілі мен қазақ әдебиетінің тарихы бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізе алу.

ON 8 Әдебиеттану ғылымы мен лингвистиканың негізгі теориялық тұжырымдамаларын анықтап, өз бетімен танымдық бағытта ойлау мен талдау қабілетіне ие болу. Тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелерін зерттеуді түсіндіре алу. Зерттеудегі жаңа әдістер мен тәсілдер аясында алған білімін тәжірибе жүзінде қолдану.

### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

1. Жай және құрмалас сөйлем ерекшеліктері туралы тұжырымдар мен бүгінгі қалыптасу жағдайы туралы түсініктермен таныс болу.

2. Құрылымдық және функционалды синтаксис бірліктерін ажырата алады.

3. Сөйлемдерге синтаксистік талдау жасайды

### **Пререквизиттер**

Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы мен морфологиясы

## Постреквизиттер

Қазіргі қазақ тілінің құрмалас сөйлем синтаксисі

## Қазіргі қазақ тілінің жай сөйлем және сөз тіркесі синтаксисі

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пәнді оқыту барысында студенттер сөйлемнің өзіндік ерекшеліктерін, сөздердің байланысу тәсілдері мен байланысу түрлерін меңгереді. Сөйлем мүшелері, сөз тіркесі мен жай сөйлемге тән белгілерді, олардың мағыналық топтарын игереді. Сөйлем ішіндегі синтаксистік құрылымдар жайлы теориялық мәліметтермен танысып, тәжірибелік тапсырмаларды орындай алу дағдысына ие болады. Білім алушылар жай сөйлем және сөз тіркесін зерттеу барысында тілдік материалдарды салыстырып, олардың типологиялық-конструктивтік ерекшеліктері мен ұқсастықтарын ашуды меңгереді.

### Пәнді оқыту мақсаты

Студенттердің жай сөйлем және сөз тіркесіне қатысты ғылыми-практикалық білім деңгейін көтеру, жай сөйлем мен сөз тіркесі синтаксисінің жалпы мәселелерімен таныстыру.

### Оқыту нәтижелері

ОН 7 Қазіргі қазақ тілі мен қазақ әдебиетінің тарихы бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізе алу.

ОН 8 Әдебиеттану ғылымы мен лингвистиканың негізгі теориялық тұжырымдамаларын анықтап, өз бетімен танымдық бағытта ойлау мен талдау қабілетіне ие болу. Тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелерін зерттеуді түсіндіре алу. Зерттеудегі жаңа әдістер мен тәсілдер аясында алған білімін тәжірибе жүзінде қолдану.

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Жай және құрмалас сөйлем ерекшеліктері туралы тұжырымдар мен бүгінгі қалыптасу жағдайы туралы түсініктермен таныс болу.
2. Құрылымдық және функционалды синтаксис бірліктерін ажырата алуы
3. Сөйлемдерге синтаксистік талдау жасай алу

### Пререквизиттер

Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы мен морфологиясы

### Постреквизиттер

Қазіргі қазақ тілінің құрмалас сөйлем синтаксисі

## Қазіргі қазақ тілінің жай сөйлем синтаксисі

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пәнді оқыту барысында сөз тұлғаларының өзара байланысу заңдылықтары және формалары, сөз тіркесі мен жай сөйлем, олардың түрлері мен құрамы жайлы мағлұматтарды меңгертін болады. Жай сөйлемнің мағыналық, құрылымдық түрлерін айқындап, талдай білуді игереді. Жай сөйлемнің мағыналық және құрылымдық топтарының өзіндік ерекшеліктерін анықтап, практикалық сабақтарда талдауға дағдыланады. Сөйлем мүшелерін айқындап, өзіндік болжам жасау дағдысы қалыптасады.

### Пәнді оқыту мақсаты

Пән мақсаты: сөз тұлғалардың бір-бірімен байланысу заңдары мен амалдары, сөз тіркесі мен жай сөйлем, олардың құрамы мен түрлері туралы мәліметтермен таныстыру.

Қарастырылатын мәселелер: жай сөйлемнің мағыналық, құрылымдық, айтылу мақсатына қарай түрлері, жай сөйлемнің күрделену жолдары, сөз тіркесі, оның түрлері, сөйлем мүшелері.

### Оқыту нәтижелері

ОН 7 Қазіргі қазақ тілі мен қазақ әдебиетінің тарихы бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізе алу.

ОН 8 Әдебиеттану ғылымы мен лингвистиканың негізгі теориялық тұжырымдамаларын анықтап, өз бетімен танымдық бағытта ойлау мен талдау қабілетіне ие болу. Тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелерін зерттеуді түсіндіре алу. Зерттеудегі жаңа әдістер мен тәсілдер аясында алған білімін тәжірибе жүзінде қолдану.

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Жай және құрмалас сөйлем ерекшеліктері туралы тұжырымдар мен бүгінгі қалыптасу жағдайы туралы түсініктермен таныс болу.
2. Құрылымдық және функционалды синтаксис бірліктерін ажырата алу.
3. Сөйлемдерге синтаксистік талдау жасай білу

### Пререквизиттер

Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы мен морфологиясы

### Постреквизиттер

Қазіргі қазақ тілінің құрмалас сөйлем синтаксисі

## Қазақ әдебиетінің тарихы /1941-1960 жж/

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5

**Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Қазақ әдебиетінің тарихының Кеңестік дәуірі 1941-60 жылдардағы даму жолдарынан мәлімет беру. Отан соғысы мен соғыстан кейінгі кезеңдегі қазақ әдебиетіндегі көркем шығармаларды меңгерту. Отан қорғау жолындағы ерлігі мен сол тұстағы ел өмірінің шындығын танытатын шығармаларды игерту. Майдан даласындағы ақындар мен жазушылардың өмір жолы турасында кеңінен мағлұмат беру. Соғыс жылдарындағы поэзия, проза, драма жанрларын меңгерту.

**Пәнді оқыту мақсаты**

Пән бойынша II дүниежүзілік соғыс, оның әдебиеттегі гуманизм, көркем шығармадағы геройлық бейнелердің соғыс тақырыбы аясында сомдалуын, халық шаруашылығын қалпына келтіру кезеңіндегі еңбек тақырыбын, соғыстан соңғы жылдардағы қаулы-қарарлар, олардың әдебиетке тигізген кесірін, 40-60 жылдардағы әдеби дамудың көркемдік қырларымен толық таныстыру.

**Оқыту нәтижелері**

ON 5 Тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының теориялық негізін меңгерге отырып, оның маңыздылығы мен алатын орнын, даму тарихы мен бүгінгі жағдайын салыстыра талдай алу.

ON 6 Жалпы адамзаттық құндылықтарды айқындай отырып, әр түрлі дәуірлердің көркемдік құбылыстарын түсіндіріп және түрлі жанрлардағы көркем шығармалардың құрылымын талдай алу.

ON 8 Әдебиеттану ғылымы мен лингвистиканың негізгі теориялық тұжырымдамаларын анықтап, өз бетімен танымдық бағытта ойлау мен талдау қабілетіне ие болу. Тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелерін зерттеуді түсіндіре алу. Зерттеудегі жаңа әдістер мен тәсілдер аясында алған білімін тәжірибе жүзінде қолдану.

**Пән бойынша оқыту нәтижелері**

1. 1941-1960 жылдардағы қазақ әдебиетінің тарихынан мағлұмат беру, көркем шығармаларын оқыту.

2. Қазақ әдебиетінің тарихы (1941-1960) ақын-жазушылардың өмірі мен әдеби мұраларын оқып, талдау

3. 1941-1960 жылдардағы қазақ әдебиетіндегі поэзия, проза, драма саласында қалам тербеген ақын жазушылардың мұраларын меңгеру

**Пререквизиттер**

Әдебиеттануға кіріспе

**Постреквизиттер**

Қазақ әдебиетінің тарихы (1960-2000)

**Екінші дүниежүзілік соғыс кезеңіндегі қазақ әдебиеті**

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

**Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Соғыс тақырыбында қалам тербеген ақын-жазушылардың шығармашылық ғұмырбаянынан мағлұмат беру. Әдеби аренаға шыққан поэзия, проза, драма жанрларына тоқталу. Соғыс тақырыбына арналған көркем шығармаларға әдеби талдау жасату, меңгерту. Соғыс тақырыбындағы публицистикалық жанр: мақала, очерктер, памфлеттер, үндеулер, хаттар, үнпарақтарға талдау жасату. Жазушылар фашистердің шынайы бейнесін суреттеген шығармаларды меңгерту. Ғ.Мүсірепов, Б.Бұлқышев, С.Нұрмағамбетов, Д.Әбілов, С.Бақбергенов т.б. ақын-жазушылардың әдеби мұраларын меңгерту.

**Пәнді оқыту мақсаты**

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы әдебиетке жаңаша пайымдаулар жасап, бүгінгі күн тұрғысынан қарап сараптама жасауды меңгерту

**Оқыту нәтижелері**

